


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 25 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

2021 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар мониторингтік топтардың зерттеу актілерінің негізінде Қолжетімділіктің интерактивті картасына мүгедектігі бар адамдардың барлық санаттарына бейімделген 5080 объектіні енгізген еді. Бір қарағанда барлығы тамаша.

Алайда, тікелей өңірлерде жүргізілген «бақылаудан кейінгі» нәтижелер жүргізілген бейімделудің сапасының жеткіліксіздігін көрсетті. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолжетімділік картасына енгізілген 3 258 нысан тексерілді. Оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін бейімделген 422 объектіде, кресло-арбамен қозғалатын адамдар үшін – 553, есту қабілеті бұзылған адамдар үшін – 589 және көру қабілеті бұзылған адамдар үшін – 675 объектіде бұзушылық анықталды. Бұл келесі мәселелерді көрсетеді.

Объектілерді мониторингілеу кезінде пайдалануға берілген объектілердің бейімделуі, оның ішінде тактильді жолдарды, шақыру түймелерін, дыбыстық сүйемелдеуді, ақпараттық көрсеткіштерді орнату, сондай-ақ медициналық, көліктік, білім беру және ақпараттық қызметтердің қолжетімділігі бойынша талаптардың екі түрлі түсіндірілуі байқалуда.

Талаптарды дұрыс түсіндірмеу факторларының бірі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, сондай-ақ көлік саласында тиісті білімі мен біліктілігі болмай, халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері осы объектілердің қолжетімділігіне тексеруді жүзеге асыруы деп есептейміз. Егер тексерушілердің өздері не және қалай болу керектігін білмесе, сапа мен стандарттарға сәйкестікті қалай тексеруге болады?

Сонымен қатар, негізгі фактор – Ұлттық стандарттың болмауы. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының

«Мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету» 25-бабы 3-тармағына сәйкес мүгедектерге ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, темір жол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануын және жүріп-тұруын қамтамасыз ету ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, Үкімет объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша барлық салаларды қамтитын **Бейімдеу және мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай ұлттық стандартты** әзірлеуі қажет.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Ж. Омарбекова
Ж. Нұрманбетова
Л. Павловец
Ә. Әбсеметова
Н. Ожаев
Ә. Рахымжанов**

*Орынд.: Қ. Багисова,
тел.: 74-62-04*